

«Балауса» бөбекжай балабақшасы

«Баламен бірге ойнаймыз!»

Ата- аналарға арналған семинар



Ұлттық ойын: «Бестемше»

Ұйымдастырған: Рахматуллина Э.К..

дене шынықтыру нұсқаушысы

14.11.2024ж.

Мақсаты: балабақша қызметкерлерімен ата - аналардың арасындағы қарым - қатынасты нығайту, ата - аналарды балабақша өміріне белсенді қатысуға баулу.

Міндеттер:

- 1) бестемшеге деген қызығушылықтарын арттыру;
- 2) балабақша қызметкерлеріне және ата - аналарына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу

Қажетті құралдар: үстел үсті бестемшесі, тастарымен.

Қатысушылар: әр топтан 1 жанұя.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, құрметті қазылар алқасы, сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар. Бүгінгі, біздің балабақшамыздағы ата - аналардың қатысуымен алғашқы рет өткізіліп жатқан «алаңдағы бестемше» атты спорттық жарысқа қош келдіңіздер!

Жүргізуші:

Спорт біздің досымыз,

Күш қайратын сынға алған,

Спорт біздің досымыз,

Бала кезделген шындалған,-деп ортамызға жарысқа қатысушы отбасыларымызды шақырамыз.

Жарыстың шарты: Бестемше ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 қазандық, 10 отау, 50 шардан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазандық, бес отау және 25 шардан тиесілі. Шарлар әр отауға бес-бестен салынады. Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны – қостаушы деп атайды

